

6. Bidaybekov, Y., Kamalova, G., Bostanov, B., Salgozha, I. Development of information competency in students during training in Al-Farabi's geometric heritage within the framework of supplementary school education // *European Journal of Contemporary Education*, v6 n3, 2017. – P.479-496.

7. Zhumalieva R.Z., Kozhakhmet K.T., Syurmen O.V., Atymtaeva L.B., Dzhandildinov M.K. Invariant of the competence model of a multilingual specialist of university and postgraduate training and the general methodology for the formation of competencies of a multilingual IT specialist // *Almaty: Pedagogy and Psychology*, No. 3, 2018. - P.5-15.

8 Luppicini R.(ed). *Cases on Digital Technologies in Higher Edication: Issues and Challenges* // IGI Global, 2010.

9 Акпайева А., Иванова Н., Лучина Т., Минаева Е., Жесткова Е. Specifics of Educational Adivity Anti-motivation in Future Teachers Subject to the Training Period // *International Review of Managment and Marketing*, 2016(S3). – P.265-269.

МРНТИ 14.09.15

<https://doi.org/10.51889/2020-3.1728-5496.15>

А.Маршалхан¹, Б.Ж. Бекжанова², А.О. Абдыкадыров³

¹Қазақ Ұлттық медициналық университеті

²Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті

³Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

СТУДЕНТТЕРДІ КӘСІБИ ДАЯРЛАУДАҒЫ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Ұсынылып отырған мақалада ЖОО-да болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы «кәсіби даярлық және дене мәдениеті» ұғымына акцент беріледі. Мақала ЖОО білім алушыларының кәсіби даярлану жағдайында дене мәдениеті тұрғысынан дамытуға арналып отыр. Студенттердің білім алуында «барлық ғылымдармен айналыса отырып, дене мәдениетін сақтау»; «дене мәдениетін жоғары ұстанудағы жақсы ойлау, жақсы еңбек ету категорияларының болуы»; «дене мәдениетін мен адамгершілік сапасы, білімі тұрғысынан үйлесімділікте жетілдіріп отыру»; «ғылымдар топтауын (классификациясын) қарастыру» кәсіби даярлаудың категориялары ретінде сипатталады. Қазақстандық, отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін негізге ала отырып, «кәсіби даярлық және дене мәдениеті» ұғымдарының контент талдауы ұсынылады. Мақалада студенттердің болашақ мамандығы бойынша дене шынықтырудың маңызын зерделеуде анықтау эксперименті «Өз мамандығыңды танысың ба?» атты сауалнаманың нәтижелері талданды және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: кәсіби даярлық, дене мәдениеті, спорттық психология, мотивация, кәсіби-тұлғалық қасиеттер, болашақ мамандарды қалыптастыру.

А.Маршалхан¹, Б.Ж. Бекжанова², А.О. Абдыкадыров³

¹Казахский Национальный медицинский университет

²Кызылординский университет имени Коркыт Ата

³Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ЗНАЧЕНИЕ ФОРМИРОВАНИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ В ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКЕ СТУДЕНТОВ

Аннотация

В статье рассматривается понятие «профессиональная подготовка и физическая культура» в профессиональной подготовке будущих специалистов высшей школы. Статья посвящена развитию студентов ВУЗ-а с точки зрения физической культуры в контексте профессиональной подготовки. Мы рассматриваем понятия «сохранение физической культуры по всем дисциплинам», «хорошее мышление, хорошая работа на занятиях физической культуры»; «повышение физической культуры и нравственности, воспитание в гармонии» в рамках классификации наук спорта при профессиональной подготовке будущих специалистов. В ходе статьи был сделан контент-анализ понятия «профессиональная подготовка и физическая культура» основываясь на исследования отечественных и зарубежных ученых. В статье мы приводим конкретные экспериментальные данные по изучению значения физической культуры в будущей профессии педагога «Знаете ли вы свою профессию?». Были проанализированы результаты опроса и даны научно-методические рекомендации.

Ключевые слова: профессиональная подготовка, физическая культура, спортивная психология, мотивация, профессионально-личностные качества, формирование будущих специалистов.

A.Marshallhan¹, B.Zh. Bekzhanova², A.Abdykadyrov³

¹Kazakh National Medical University

²Korkyt Ata Kyzylorda University

³Kazakh national pedagogical University named after Abai

THE IMPORTANCE OF FORMATION OF PHYSICAL CULTURE IN PROFESSIONAL TRAINING OF STUDENTS

Abstract

The article focuses on the concept of «professional training» in the formation of future specialists in higher education. The article is devoted to the development of physical culture in the context of professional training of students. In teaching students describes the categories of training: «the preservation of physical culture, doing all Sciences»; «good thinking with the high maintenance of physical culture, good categories of labor»; «improvement of physical fitness and moral qualities, harmony from the point of view of knowledge»; «review of the classification (classification) of Sciences». Based on the research of Kazakhstani, domestic and foreign scientists, a content analysis of the concept of «professional training and physical culture» is proposed. In the article «Do you Know your profession?» the results of the survey were analyzed and presented scientific and methodological recommendations.

Keywords: professional training, physical culture, sports psychology, motivation, professional and personal qualities, formation of future specialists.

Кіріспе. Қазақстан Республикасында білімнің беталыстары ғасырдағы өркениет пен азаматтық қоғам алдында тұрған міндеттермен тікелей байланысты. Бұл ретте еліміздегі барлық ЖОО-ның білім беру бағдарламалары өз кезегінде бәсекелестікке түсуде. Олар: тұлғаны жан-жақты дамыту, дене мәдениетін өздігінен жетілдіруге қабілеттілігінің болуы, оның өзін-өзі жетілдіруі, кәсібилікке бағыттау және кәсіби ұтқырлықты дамыту т.б. екендігін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлаудың өзектілігі анық байқалады. Қазіргі таңда қоғамның салауаттылығы маңызды сипатқа ие. Бүгінгі болашақ маманды дайындауда олардың салауатты өмір сүруі мен денсаулық, дене мәдениеттерін өздері игермей тұрып, оларды білімді, білікті маман ретінде қалыптастыру мүмкін емес. Себебі әр болашақ маманның денсаулығы жеке байлық қана емес, ол сондай-ақ халқымыздың білім және экономикалық қуатының өсуі үшін де қажетті шарттарының бірі. Соның ішінде денсаулықтың басты шарты-мәдени орта, салауатты өмір салты.

Осы орайда, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 1-бап, 9-1 тармағында: «...білім беру – зияткерлік, мәдени, тәндік жағынан дамыту және кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсаттарында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқытудың үзіліссіз процесі»; 3-бабы 8-тармағында: «...оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі» деп атап көрсетіледі [1]. Заңдағы көрсетілген баптар ЖОО-да болашақ мамандарды дайындаудағы ұсынылатын білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларындағы кәсібиліктің, құзыреттіліктің қамтамасыз етілуін қадағалап, болашақ мамандарды кәсіби даярлауға мүмкіндік береді.

Бұған сәйкес, «Қазақстан 2020: болашаққа жол» атты Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасының (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 ақпанындағы №191 қаулысы) мақсаты: **жастардың ойдағыдай әлеуметтенуіне**, олардың әлеуетін елді одан әрі дамытуға бейімдеуге бағытталған мемлекеттік жастар саясатының тиімді моделін қалыптастыру болып табылады [2]. Тұжырымдамадағы мақсатқа қол жеткізуде бүгінгі студент моделінің қалыптасуындағы бірнеше міндеттерді шешуді болжайды, жастар ортасында моральдық-рухани білім онтологиясы алға шығарылады.

Тұңғыш президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан – 2050» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», - деген болатын [3].

Дене тәрбиесін, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра ұсыну – бүгінгі күн талабынан туындап отырған міндеттерінің бірі. Дене тәрбиесінің мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру – бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Ендеше, жоғарыда көрсетілген әрі талданған нормативтік құжаттардың мақсат, міндеттерін шешу жолында қазіргі кезде маманды сапалы дайындау және болашақта кәсіби іріктеу үшін кәсіби маңызды сапалардың мазмұнын сипаттау және оларды өлшеу бағанасының көрсеткіштері арқылы айқындалған түрленуінің қолайлы шегін анықтау қажеттігі туындап отыр.

Зерттеу әдіснамасы. Педагогикада әдіснаманың мазмұны ғылыми танымның идеологиялық негізі ретінде белгілі бір сәйкес түсініктер арқылы ашылатындығын, жалпылау дәрежесінің ортақтығына қарай бастапқы деп танылатын «кәсіби даярлауда дене мәдениетінің маңызы» ұғымына теориялық талдаулар жүргізіліп, оның философиялық, спорттық психологиялық, педагогикалық тұрғыдағы категориялық-аппаратын негіздеуде субъективтілік, тұлғалық теориялары арқылы негіздейміз. «Студенттерді кәсіби даярлауда дене мәдениетін қалыптастырудың маңызын» теориялық тұрғыдан талдау, контент-анализ, ассоциациялау, анықтау эксперименті бойынша сауалнама жүргізу, нәтижелерін өңдеу жұмыстары жайлы айтылады.

Тұлғаны қалыптастыру мәселесінде ертедегі Грекияның алғашқы философтары стихиялы материалистік бағытты ұстануымен ерекшеленеді. Олар бүкіл дүниені тұтастай алып қарап, әлемнің, дүниенің түп негізін, алғашқы бастамасын табуға тырысты. Сондай-ақ, ежелгі грек ойшылдары өз еңбектерінде ұстаздың балаларды тәрбиелеудегі рөліне ерекше көңіл бөлген. Кәсіпке бейімделу идеясы ежелгі грек философы Платонның (б.з.д. 427-347) еңбектерінде: «Менің ойымша, барлық ғылымдармен айналыса отырып, егер олардың бір-біріне болмыстары арқылы бірігуін тапсақ, қандай-да бір мақсатқа жетуге болады, бұл жұмыс өз нәтижесін берері анық» деп түсіндіреді [4]. Философтың идеясының өміршеңдігі бүгінгі күнге дейін ұштасып, маңызын жойған жоқ. Біздің тұжырымдауымыз бойынша қандай да бір ғылымға енудің өзі даярлықты қажет ететіндігі табиғи құбылыс ретінде сипат алады. Ендеше бүгінгі таңда қоғам сұранысын қанағаттандырудың негізі болашақ мамандарды дене мәдениетіне қалыптастырып, салауатты өмір салтының ұстанымдарын ЖОО-да оқу үдерісінде жолға қою қажеттігін алға шығарады.

Демокрит (б.з.д. 460-360) алғаш рет адамның, адамзаттың, қоғамның пайда болып, қалыптасуын әлемдік даму процесінің бір бөлігі ретінде қарастырды. Ол өз еңбектерінде адамдар табиғатынан емес, көп жаттығудың нәтижесінде жақсы адам болып қалыптасатындығын негізгі ұстаным ретінде көтере отырып, балаға жақсы тәрбие беру үшін «жақсы ойлауға, жақсы сөйлеуге, жақсы еңбек етуге», – үйрету қажеттігін пайымдаған [4, 69 б.]. Демокриттің тұжырымынан жақсы адам болып қалыптасу, бұл жан-жақтылық қағидасын реттейді.


Сократ (б.з.д. 469-399) өз заманындағы натурфилософияның негізін салушылардың бірі. Философ әлемдегі иерархияны құрастырумен айналысты. Сократтың пайымдауынша, тәрбиені мемлекет тарапынан ұйымдастыру, тәрбие беруді мемлекеттік іс деп қарауды ұсынған. Оның философиясы «Өзіңді-өзің таны» деген педагогикалық идеяға құрылып, тәрбие берушілерді адамгершілік сапасы мен білімі тұрғысынан үйлесімді жетілдіріп отыруды көздейді. Сократ философиясы адамгершілікті танып, меңгеруге болады, ал адамгершілікті білуден оған сүйеніп әрекет етуге болады деген ойға негізделген [4, 73 б.]. Бұл тұста философтың пайымдауымен келісе отырып, студенттің өзін-өзі тануы дене мәдениетін қалыптастырудан басталатындығын негізге алуға болады.

Адамның «өзін-өзі тануы» немесе «жан қуаты» жайлы ойлардың қалыптасуында адамтану ілімінің

алғашқы қадамын жүйелеген философ Әбу Насыр Әл-Фараби (870-950) болды. «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» атты еңбегінде адам денесін жетілдіруді оның бойындағы абзал қасиетті тани біліп, мінез-құлқының жақсы сипаттарын тәрбиелеп, өзін-өзі үнемі дамыту қажеттігіне тоқталады. Ол «дененің саламаттылығы» ұғымын енгізе отырып, әр адамның тәрбиесінде мынадай үш қасиет болу қажет деп есептейді: дене күші, рухани және ақыл-ой, олар өзара үйлесімді дамыған жағдайда ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға болатынын дәріптейді [5].

Әл-Фарабидің ілімін ЖОО-да оқу-тәрбие үдерісіне енгізу көптеп орын алуда. Мысалы, ЖОО-ның білім беру үдерісін жоспарлауымен студенттер арасында «**Өз-өзіме жаттықтырушымын**» атты тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру қажеттігі туындайды. Себебі, болашақ мамандар кәсіби даярлануы жолында салауатты өмір салтының маңыздылығына назар аударуы тиіс [6].

Біз, ең алдымен студенттерді жан-жақты кәсіби даярлау сатысында теориялық зерттеулерге тоқталып өтейік. «Кәсіби даярлауда дене мәдениеті» ұғымының мазмұнын талдаудағы философиялық білімнің көрінісі көп параметрлі болатындығын аңғаруға болады. Олай деуге негіз бар. Философияда «кәсіп, мамандық, оған даярлық» ұғымдар тізбегі дене мәдениетін жетілдірудің үздіксіздігі параметрлерімен айқындалады: «*кәсіпке бейімделу – барлық ғылымдармен айналыса отырып, дене мәдениетін сақтау*»; «*дене мәдениетін жоғары ұстанудағы жақсы ойлау, жақсы еңбек ету категорияларының болуы*»; «*дене мәдениетін мен адамгершілік сапасы, білімі тұрғысынан үйлесімділікті жетілдіріп отыру*»; «*ғылымдар топтауын (классификациясын) спорттық т.б.қарастыру*» және т.б.(1-сурет).



1 сурет - «Кәсіби даярлауда дене мәдениетінің маңызы» түсінігінің философиялық көрінісі

Болашақ мамандардың кәсіби даярлығында алдымен өздерінің тәрбиесі мен білімі, біліктілігі, адамгершілігі, жақсылыққа бейім болуы, ғылымды меңгеруі сынды кәсіби құзыреттілігінің қалыптасуына басымдық беру керек деп санаймыз. Ол үшін адамның күнделікті қабілеттілігінің артуы дене шынықтырумен байланысты екенін тағы да тұжырымдап айтамыз.

Біз, болашақ мамандардың «кәсіби даярлығын» психологиялық қызметтің бір құрамдас бөлігі ретінде анықтадық. Мысалы, батыс зерттеушілерінің еңбектеріне сүйенсек, «кәсіби даярлық» ұғымы қандай да бір өмірлік кәсіпке өз мінез-құлқын арнау немесе сәйкестендіру деп беріледі.

Бұл тұрғыда А.Маслоу (1908-1970) зерттеулерінде: «...Өзін-өзі өзектендіретін адамдардың тұлғалық ерекшеліктерін: тәуелсіз болу, креативтілік, дүниені философиялық қабылдау, қарым-қатынастағы демократиялық, өнімділік т.б.» деп бөліп сипаттайды. А.Маслоу «кәсіби даярлық» ұғымы турасында: «...өзін-өзі өзектендіретін адам қандай да бір іске кіріскен ...олар сол іске берілген, ол іс олар үшін өте құнды – бұл олардың басты ұстанымы» деп түсіндіреді [7].


Р.Хейвигхерст кәсіби анықталу кезеңдерінде адамның міндеттерін толық атқаруда, жарамды жұмыс істеуге даярлығында адамның бағдарлануына және еңбек дағдыларына басты назар аударған. Р.Хейвигхерст бойынша кәсіби даму сатылары: *оптант, адепт, адаптант, интервал, шебер, авторитет, ұстаз* [8].

Теориялық зерттеулерден байқағанымыз, болашақ маманның кәсіби даярлығы және оның қалыптасуы тұрғысында психологтардың еңбектері бойынша бірнеше классификацияға бөлуге болады. Олар:

- субъектінің психикалық дамуында белгілі бір микросатылардың болуы оның белсенділігінің нәтижесі (А.М.Матюшкин) [9];
- жоғары оқу орындары жағдайында әлеуметтену процесі (В.Т. Хорошо) [10];
- болашақ мамандығының өкілі ретінде және тұтас қоғамның мүшесі ретінде академиялық үлгерімде жетістікке жету мотивациясы (А.Б. Орлов [11], М.М. Липкин [12], Н.В. Яковлева [13]);

Ғылыми еңбектерге жасалған талдаулар көрсетіп отырғандай, «кәсіби даярлық» ұғымына байланысты психологиялық және спорттық зерттеулерге сүйене келе, студенттердің кәсіби қалыптасуында кәсіби міндеттерді шешудің мотивациялары өзгерістерге ұшырап, танымдық мотивтері кәсіби мотивтерге трансформацияланып отырады.

Ендеше біз, студенттердің дене мәдениетін жетілдіре отырып, кәсіби-тұлғалық қалыптасуындағы негізгі тірек болатын «студенттердің кәсіби даярлығы» ұғымының психологиялық аспектідегі құрылымын трапециялап, 2-суретте ұсынамыз.



Сурет-1. Студенттердің кәсіби даярлығының спорттық психологиялық аспектілері

Осы орайда, психолог ғалымдар Е.А. Климов, И.Я. Гальперин кәсіби іс-әрекетке психологиялық даярлық туралы зерттеулерінде «қалыптасқан дағдылар» ұғымын қолданады, авторлар «болашақ маманның психологиялық даярлығын» кәсібиліктің бір бөлшегі ретінде қарастырады. Олар: коммуникативті дағдылар, қабілеттер, шығармашылық, аналитикалық ойлау қабілеті, креативті ойлау қабілеті, бейімделушілік, ұжымда жұмыс жасай білу, дербес әрекеттері, өзіндік сана, өзін-өзі бағалау [14].

Білім алушылардың кәсіби даярлықта өз бетінше дене жаттығуларымен айналысуы бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі жоғарыда талданғандар студенттердің жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін беретіндігін дәлелдейді.

Біз, ары қарай «кәсіби даярлау және дене дайындығы» ұғымына спорт және жалпы педагогика тұрғысында теориялық талдаулар жасауды жөн санаймыз. Сондай-ақ, «кәсіби даярлау және дене мәдениеті» мәселесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне және ондағы түйінді ойларын негіздеулеріне талдаулар жүргізу барысында контент талдауды ұсынамыз.

1 кесте – «Кәсіби даярлау», «дене дайындығы» ұғымдарының контент талдауы

Ғалымдар	Негізгі ой	Кәсіби даярлық мазмұны
1	2	3
Л.С. Выготский	Қызметке қатынасын анықтаушы жаңа құрылымдар	«...кәсіби дайындықты – педагогикалық қызметке бағытталған дайындық кезеңінде пайда болатын болашақ педагогтың санасын, оның болатын қызметке қатынасын анықтаушы жаңа құрылымдар. Дайындық – кәсіби функцияларды орындауға бағытталу механизмін, педагогтың болатын қызмет барысына нақты бағытталуын білдіреді».
Н.Д. Хмель	Әлеуметтік маңызды мотивтер мен білім жиынтықтары	Кәсіби іс-әрекет дайындығы – әлеуметтік маңызды мотивтерінің, психологиялық-педагогикалық білім жиынтықтары және тұтас педагогикалық үдеріс іс-әрекетінің жемісті орындалуын анықтаушы әрекет тәсілдері компоненттерінің болуымен сипатталады.
Т.С. Сабыров	Қызметке деген мотив	Мұғалімдердің кәсіби даярлығына жататындар: олардың оқыту процесінің теориясы мен практикасы бойынша игерген білімдері, қызметке деген ынтасы (мотивтері) мен мүмкіндіктері.
С.Я. Батышев	Субъект еңбегінің сапалық сипаттамасы	Кәсіби даярлық – кәсіби тапсырмаларды жоғары тұрақты өніммен шешу тәсілдерін және алгоритмдерін меңгерген субъект еңбегінің сапалық сипаттамасы.
И.А. Колесникова	Стандарт талаптарын орындау қабілеті мен дайындығы	Кәсіби дайындық – бұл стандарт талаптарын орындау қабілеті мен дайындығы
И.Д. Багаева	Азаматтық жауапкершілігі	Қызмет барысында қалыптасатын оның азаматтық жауапкершілігі
Н.Н. Лобанова	Педагог шығармашылығы қалыптасуының және дамуының негізі	Қызметке дайындық – болашақ маманның кәсіби қызметінің көрсеткіші, педагог шығармашылығы қалыптасуының және дамуының негізі. Кәсіби даярлық кәсіби құзырлықтың іргелі негізі, қалыптасуының алғышарты.
М. А. Чошанов	Білімді қолданудың жылдамдығы+ әдістердің оралымдылығы+ ойлаудың сыншылығы	Болашақ маманның кәсіби даярлығы – білім, білік, дағдының өзара байланысындағы жаңалықты көруге, оны нақты жағдайларда тез әрі оңай пайдалануға тұрақты ұмтылу, мәселені алдын-ала айқындау, болжау, ойлаудың икемділігі мен сыншылығы, ең оңтайлы және тиімді шешімдерді таңдау қабілетін меңгеру.
Ұ.Ж. Қонақбаева	Теориялық және тәжірибелік даярлығының біртұтастығы	Кәсіби даярлау – болашақ мұғалімнің кәсіби-тұлғасын жетілдіру мақсатында және бүгінгі күн талабына сай өмірлік тәжірибені жинақтаған, әлеуметтендіру шамасына іс-әрекет түрлерін нақты анықтауға жоғары оқу орны түлегін, яғни болашақ мұғалімдердің теориялық және тәжірибелік даярлығының біртұтастығы.
О.А. Аяшев	Дене дайындығы	Кәсібилік - дене дайындығы жетілген, денсаулығы мықты адамдардың қажеттілігінен туындаған қоғамдық өмірдің іс-тәжірибесі.
А. Қарақов	Спорт саласын қоса алып жүру қабілеті	Кәсібилігіне қоса спорт саласы бойынша тұлғаның жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз ету жолы.
В.Шувалова О.Шняева	Жаңа затты өндіру қабілеттілігі.	Болашақ маманның кәсібилігі – білім, білік, дағдыны меңгеруі және жаңа затты өндіру қабілеттілігі.

Кестедегі талдаулардан байқайтынымыз, болашақ мамандарды кәсіби даярлаудағы негізгі түйінді ойлар дене мәдениеті маңыздылығымен өзара тығыз байланысты және қандай кәсіп иесі болмасын дене шынықтыруды қосалқы алып жүрудің қажеттілігін көрсетеді. Белгілі болғандай, болашақ қызметке деген мотивтер мен білім жиынтықтары, теориялық пен тәжірибелік дайындық бірлігі және

т.б. барлығының бастауы салауатты өмір салтын ұстанудан келеді.

Зерттеу нәтижелері. Біз, теориялық талдауларды зерделеуде ЖОО-да болашақ мамандардың кәсіби анықталуы көптеген сатылардан тұратындығын негізге аламыз. Студенттердің кәсіби анықталу сатыларын әр білім саласы түрлі кезеңдерге бөледі. Мәселен, американдық ғалым Д.Сюпер адамның кәсіби жолының кейбір өзіне тән сатыларын бөліп қарастырады. Оны ең бірінші болашақ маманның өзінің *икемділігі мен қабілетін анықтау* және соған сәйкес мамандықты іздеуі қызықтырған [15]. Ғалымның зерттеулеріндегі негізгі ойларына қосыла келе, кез-келген болашақ маманның күн тәртібін сақтау, салауатты өмірді ұстану, дене шынықтыруды үнемі серігі етіп алу арқылы икемділік пен қабілеттің дамитындығын пайымдаймыз.

Білім алушыларды кәсіби даярлауда педагогикалық формулалар ұсынған еңбектерді қарастыра келе, келесідей тұжырымдарды ұсынамыз. Мәселен, М.А. Чошанов болашақ маманның кәсіби даярлығы – білім, білік, дағдының өзара байланысындағы жаңалықты көруге, оны нақты жағдайларда тез әрі оңай пайдалануға тұрақты ұмтылу, мәселені алдын-ала айқындау, болжау, ойлаудың икемділігі мен сыншылығы, ең оңтайлы және тиімді шешімдерді таңдау қабілетін меңгеру деп қарастырады. Ғалым кәсіби даярлықтың *білімді қолданудың жылдамдығы+әдістердің оралымдылығы+ойлаудың сыншылығы* деп формуласын құрастырады [16].

С.Е. Царева өз еңбектерінде кәсіби даярлық құрылымын: «*даярлық*» = «*тілек білдіру*» + «*білім*» + «*біліктілік*» деген немесе «*дайынмын*» = «*тілеймін*» + «*білемін*» + «*істей аламын*» деп құрылымдық формуласын ұсынады [17].


Ал З.И. Калмыкованың тұжырымдамасы бойынша, оқыту дамытушы, ал қалыптастырушы табысты және шығармашылық ойлау болып табылады. Ондай ойлаудың негізгілері:

- дағдыдан алыс, жауап алуға мүмкін *ойлаудың түпнұсқалылығы*;
- қайталанбайтын *ассоциалық байланыстың* жылдам және бірқалыпты пайда болуы;
- проблеманы түсінудің қабілеті және оны басқаша *шешімін табу*;
- *ойдың жылдамдығы* – ассоциацияның саны, идеялар уақыт бірлігінің пайда болуы, оның кейбір талаптармен сәйкестігі [18].

Талдаулардың нәтижесі көрсетіп отырғандай, ең алдымен, болашақ мамандар тұлғасын жан-жақты зерттеудің қажеттілігі туындап, сондай-ақ мұны теориялық әдістердің ғана көмегімен жасау бізге мүмкіндік бермейтіні анық.

Екіншіден, спорттық және педагогикалық мамандықтарда кәсіби даярлықты зерттеуде диагностикалық әдістер әлі де болса жеткіліксіз әзірленгендігін алға тартамыз. Бұдан басқа, жеке тұлға үздіксіз білім беру жүйесінің жекелеген бөліктерінің спортпен сабақтастық ұстанымын бейнелейді; сонымен қатар субъектінің жеке өмірінің мәдениет сапасын анықтауға бағытталған «болашақ жоспары» туралы идея біздің ары қарайғы ізденіс жұмыстарымызға тірек болады деп санаймыз.

Дискуссия. Нәтижелерді талдау. Осы орайда біз, білім алушылардан болашақ мамандардың кәсіби даярлануы жағдайында спорттың маңызын анықтау үшін шағын эксперименттік алаң құрылып, студенттерден сауалнама алынып, оның пайыздық есептеулерін шығардық. Білім алушылардан «*Өз мамандығыңды танысың ба?*» атты сауалнама жүргізу барысында сауалнамаға қатысқан 21 студенттің 36%-ы «*Менің мамандығыма спорт қажет*», 22%-ы «*Менің мамандығым үшін спорт аса қажет емес*», 42%-ы «*Менің мамандығым тек спортпен байланысты*» деп қорытындыланды (3-суретте).



Сурет-3. «Өз мамандығыңды танысың ба?» сауалнамасы бойынша алынған нәтижесінің диаграммасы

Біз ұсынып отырған мақалада студенттердің кәсіби даярлығы мәселесі оқу-тәрбие үдерісінің тиімділік талап өлшемдерімен нақтыланады. Еліміздегі ЖОО-да әрбір білім алушының кәсіби даярлығы құрылымына келесі әдістемелік ұсыныстарды береміз:

- *спорттық клубтар мен топтардағы (ЖОО институт/факультет аралық, кафедра аралық, кафедра ішілік т.б.) жұмыс.* Студенттің бейім келетін спорт саласы бойынша тұлғаның жалпы және арнайы дайындығын көрсетіп, дене жаттығуларымен жүйелі айналысуды қамтамасыз ету қажеттігі;

- *студенттерді жалпы университетішілік спорттық бұқаралық шараларға массалық тарту қажеттігі.* Бұл жұмыс түріне денсаулық және спорт айлықтары, спорттық мерекелер, жалпы университет ішілік, университет аралық сайыстар жатады. Бұл шаралар барлық студенттердің спортпен дене тәрбиесі жаттығуларына қызығушылығын туғызады.

- *әр студенттің өз бетінше дене жаттығуларымен айналысуына түрткі болу қажеттігі.* Бұл жұмыс түрі қозғалыс тәртібінің маңызды бөлігі. Кей жағдайда ең тиімді әдіс болып есептелінеді, себебі студенттердің жеке тұлғалық қызығушылықтары мен қабілетіне сұранысына сәйкес ұйымдастырылған жұмыс өз нәтижесін береді.

Қорытынды. ЖОО-да болашақ мамандарды білімді одан әрі кәсіби даярлықта жетілдіре оқыту уақыт талабы болып отырғандығын байқаймыз. Кез-келген іс-әрекеттің табысты орындалуы тұлғаның кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты болмақ. Жоғарыда «кәсіби даярлық» ұғымына философиялық, психологиялық және педагогикалық, спорттық тұрғыдан талдаулар жүргізе отырып, бүгіннің еншісіне ЖОО-да маман даярлау жағдайында білім беру бағдарламаларын құрастыруда өркениеттік үлгіге сай салауатты өмір салтын ұстанған әлеуметтік сапалардың түзілуі міндеттеледі де, болашақ маманның бойында өзіндік атрибуция, адами және өркениеттік құндылықтардан хабардар тұлға болуы қажеттігі алға шығатындығын айқындаймыз. Көрсетілген міндеттерді толық жүзеге асыру дене тәрбиесі жүйесіне тікелей байланысты. Дене мәдениетін жүзеге асыру – денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене-қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін-өзі үнемі дамытып, қабілеттілігін арттыруға апарар өлшемдер деп тұжырымдаймыз.

ЖОО-дағы кез-келген білім беру бағдарламалары бойынша кәсіби даярлаудың құрылымына дене мәдениеті, салауатты өмір салтының формаларына сай атрибуттарды толықтыру қажеттігі алға шығарылады. Сондықтан еліміздегі ЖОО-дағы бәсекеге түсіп отырған болашақ мамандарды кәсіби

даярлау білім беру бағдарламаларындағы «түлек атрибуттарына» дене мәдениетіне байланысты сапаларды қосу қажеттілігі туындап отыр деп қорытындылаймыз. Бұлай тұжырымдауда біздің негізгі ойымыз тұлғаның «моральдық компасының» шеңберін кеңейтуге бірден-бір түрткі болатыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі, №319-III Заңы. (дата обращения 16.02.2020 г.)

2 «Қазақстан 2020: болашаққа жол» Қазақстан Республикасы мемлекеттік жасатар саясатының 2020 жылға дейінгі тұжырымдамасы. – Астана, 2019, 1 сәуір (дата обращения 16.02.2020 г.)

3 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқына Жолдауы. – Астана қ., 2012.14.12.

4 Реале Дж., Антисери Д. Батыс философиясы: бастауынан бүгінгі күнге дейін: Оқулық / Ауд. Т.Х. Габитов, т.б. – Алматы, 2012. – 628 б.

5 Игнатенко А.А. В поисках счастья. Общественно-политические воззрения арабо-исламских философов Средневековья. – М.: Мысль, 1989. – С.100-127.

6 Fadeeva Olga, Marshallhan Ayat, Kozbayev Zhakyp, Serzhanuly Birzhan, Zhunisbayeva Maira. The significance of personal qualities of student's formation within the physical education. *Procedia - Social and Behavioral Sciences* 136 (2014) 416-420. - www.sciencedirect.com 1877-0428 © 2014 Published by Elsevier Ltd.

7 Маслоу А. Мотивация и личность. – СПб.: Питер, 2008. – 352 с.

8 Лубышева Л.И. Современный ценностный потенциал физической культуры и спорта и пути его освоения обществом и личностью // Теор. и практ. физ. культ. 1997, №6. С.10-15.

9 Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – Издательство: Директмедиа Пабблишинг, 2008. – 392 с.

10 Кулюткин Ю.Н., Сухобская С.Г. Творческая направленность деятельности педагога. – М., 1988. – 215 с.

11 Орлов А.Б. Личность и сущность: внешнее и внутреннее «Я» человека // Вопросы психологии. 1995. – №2. – 5.19 с.

12 Харьков В.Н. Педагогическая импровизация: теория и методика. – М.: NB Магистр, 1992. – С.15.

13 Ананьев Б.Г. Человек как предмет познания. – СПб.: Питер, 2001. – 288 с.

14 Климов Е.А. Образ мира в разнотипных профессиях. – М., 1995. – 244 с.

15 Ляудис В.Я. Методика преподавания психологии. – М., 2000.

16 Чошанов М.М. Гибкая технология проблемно-модульного обучения. – М.: Просвещение, 1996. – 158 с.

17 Қонақбаева Ұ.Ж. Болашақ мұғалімдерді оқушыларды бейіндік оқытуға кәсіби даярлау: филос. док. PhD ... дис. – Алматы, 2014.

18 Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости. – М.: Педагогика, 1981. – 200 с.

Reference:

1. On Education Law of the Republic of Kazakhstan dated July 27, 2007 No. 319-III. (date of submission 16.02.2020 G.)

2. Concept of the state youth policy of the Republic of Kazakhstan until 2020" Kazakhstan 2020: the way to the future". - Astana, 2019, April 1 (date of application 16.02.2020)

3. Strategy "Kazakhstan-2050" a new political course of the established state. Address of the president of the Republic of Kazakhstan – Elbasy N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan. - Astana., 2012.14.12.

4 Reale J. R. R. Tolkien, Antiseri D. Western Philosophy: from its origins to the present: textbook / AUD. T. H. Gabitov T. B. Almaty, 2012. - 628 P.

5. Ignatenko A.A. In search of happiness. Socio-political views of the Arab-Islamic philosophers of the Middle Ages. - Moscow: Mysl, 1989. - p. 100-127.

6 Fadeeva Olga, Marshallhan Ayat, Kozbayev Zhakyp, Serzhanuly Birzhan, Zhunisbayeva Maira. The significance of personal qualities of student's for mationwithin the physical education. *Procedia-Social and*

- Behavioral Sciences*136(2014)416-420.-www.sciencedirect.com1877-0428©2014Published by Elsevier rLtd.
- 7 Maslow A. *Motivation and personality*. - St. Petersburg: Piter, 2008. -352 p.
 8. Lubyshva L.I. *Modern value potential of physical culture and sports and ways of its development by society and personality // Theor. i pract. phys. cult.* 1997, no. 6. p. 10-15.
 9. Matyushkin A.M. *Problematic situations in thinking and learning*. - Publishing house: Direct Media Publishing, 2008– - 392s.
 10. Kulyutkin Yu.N., Sukhobskaya S. G. *Creative orientation of the teacher's activity*. - M., 1988 – - 215 p.
 11. Orlov A.B. *Personality and essence: the external and internal "I" of a person // Questions of psychology*. 1995. - No. 2 – - 5.19 p.
 12. Kharkin V.N. *Pedagogical improvisation: theory and methodology*. - M.: NB Master, 1992. - p. 15.
 13. Ananyev B.G. *Man as a subject of knowledge*. - St. Petersburg: Peter, 2001. - 288s.
 14. Klimov E.A. *The image of the world in different types of professions*. - M., 1995. - 244s.
 15. Lyaudis V.Ya. *Methodology of teaching psychology* – - M., 2000.
 16. Choshanov M.M. *Flexible technology of problem-modular training*. - M.: Prosveshchenie,1996. - 158s.
 17. Konakbaeva U. zh. *professional training of future teachers for specialized training of students: Philos.Doc.PhD...dis.*- Almaty,2014.
 18. Kalmykova Z.I. *Productive thinking as the basis of learning ability*. - M.: Pedagogika,1981– - 200s.